

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 18 қарашадағы № 30-1 "Батыс Қазақстан облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2025 жылғы 1 тамыздағы № 19-2 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына сәйкес, Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :

1. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының "Батыс Қазақстан облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" 2019 жылғы 18 қарашадағы № 30-1 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5866 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат төрағасы

М. Мұқаев

Батыс Қазақстан
облыстық мәслихатының
2025 жылғы 1 тамыздағы
№ 19-2 шешіміне қосымша
2019 жылғы 18 қарашадағы
Батыс Қазақстан
облыстық мәслихатының
№ 30-1 шешіміне қосымша

Батыс Қазақстан облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесі

1. Батыс Қазақстан облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесі Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 187 "Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36186 болып тіркелген) бүйрекіна сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама шенберінде ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалана отырып тұрғынжайды меншігіне сатып алу немесе Заңға сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын алу құқығын іске асыру үшін Батыс Қазақстан облысы бойынша жергілікті атқарушы органдар тұрғын үй сертификаттарын береді:

өтеусіз және қайтарымсыз негізде бастапқы жарна сомасының 90% мөлшерінде, бірақ 1,5 миллион (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайтын мөлшерде.

3. Тұрғын үй сертификаттарының алушылар санаттары:

1) женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер;

2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;

3) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар;

4) мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар;

5) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр тұрлерімен ауыратын адамдар;

6) жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер;

7) кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады;

8) қандастар;

9) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана данқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;

10) толық емес отбасылар;

11) асыраудың кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша құндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жесір әйелдер (тұл ер адамдар) жатады;

12) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама шенберінде ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалана отырып, талаптарға сәйкес келетін денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, агрономикалық кешен және құқық қорғау салаларында қызмет ететін қажетті мамандар;

13) Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік мекемелері мен мемлекеттік кәсіпорындарының, квазимемлекеттік сектор жұмыскерлері.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК